

"2012 жылға Уәлиханов ауданы бойынша ауыл шаруашылығының әр түрі бойынша субсидияланатын басым дақылдарын себудің оңтайлы мерзімін және субсидия алушылардың тізіміне енгізуге өтінім беру мерзімін анықтау туралы" Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 07 мамырдағы N 189 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 23 шілдедегі N 275 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 21 тамызда N 13-13-164 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы N 02.12-06-09/362 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімі аппаратының 29.12.2012 N 02.12-06-09/362 хаты)

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 21-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «2012 жылға Уәлиханов ауданы бойынша ауыл шаруашылығының әр түрі бойынша субсидияланатын басым дақылдарын себудің оңтайлы мерзімін және субсидия алушылардың тізіміне енгізуге өтінім беру мерзімін анықтау туралы» 2012 жылғы 07 мамырдағы № 189 Уәлиханов ауданы әкімдігінің қаулысына (2012 жылғы 10 мамырдағы № 13-13-161 нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, 2012 жылғы 14 мамырдағы № 21 «Кызылту» және «Нұрлы ел» аудандық газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс е н г і з і л с і н :

Көрсетілген қаулының кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І : »**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары

Д. М. Бейсембинге

жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Тұралинов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК